

Нұрбек Д.Т., Уразымбетов Т.Е.

Күдіктіні ұстау-тергеу әрекеті ретінде

Бұл мақалада күдіктіні ұстау негіздері, күдікті ретінде ұсталған адамдарға анықтау органы, анықтаушы, тергеуші немесе прокурордың мәжбүрлеу шарасы қолданылу тәртібі, сондай-ақ кезеңдері қарастырылған. Мемлекеттік мәжбүрлеуді қолдану өзінің сипатымен мақсаты бойынша әртүрлі болып келеді. Қоғамдық қатынастардың, сондай-ақ оларға деген қолсұғушылықтардың әртүрлі болуы, өздерінің мазмұнына, себептері (негіздері) және іске асыру тәртібі бойынша мемлекеттік мәжбүрлеудің әрқелкі түрлерін қолдану қажеттілігін негіздейтін айқындалған айырмашылықтары бар. Ол, қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық, тәртіптік ықпалы бар шаралар түрінде ғана көріне алады және көрінеді де. Мемлекеттік мәжбүрлеудің тағы бір түрі болып өзінде мәжбүрлеу ықпалы бар қылмыстық процессуалдық құқықтың барлық нормаларымен қарастырылатын жиынтықты көрсететін қылмыстық процессуалдық мәжбүрлеу саналады.

Түйін сөздер: күдікті, күдіктіні ұстау, процессуалдық тәртібі, бұлтартпау шаралары, мәжбүрлеу шаралары.

Nurbek D., Urazymbetov T.

The detention of the suspect as an investigative action

Based on scientific articles that the detention of the suspect, the rights of the suspect, the procedure and conditions of detention of persons detained on suspicion of committing a crime, and the criminal procedural coercive measures, on the procedure of detention of persons detained as suspects. In given article are considered causes of detention of suspect as an emergency measure of procedural enforcement, which employed by state body of inquiry, prosecutor or interrogator, also phases procedural order of arrest. State enforcement is diverse by own character and employment aim. Community relations diversity and impinge provides necessity of state enforcement diverse kinds employment, which have strict distinction by own content, cause and order of realization. It can appear for not just measures of criminal-law, civil-law, administrative-law, disciplinary-law effect. Diversity of state enforcement is criminal-procedural enforcement, that present complex all measures of enforcement which were provided by criminal-procedural norms.

Key words: suspect, suspect's detention, procedural order, preventive measures, procedural enforcement measures.

Нурбек Д.Т., Уразымбетов Т.Е.

Задержание подозреваемого как следственное действие

В данной статье рассмотрены основания задержания подозреваемого как неотложная мера процессуального принуждения, применяемая органом дознания, дознавателем, следователем или прокурором, также этапы процессуального порядка задержания. Государственное принуждение по своему характеру и целям применения разнообразно. Разнородность общественных отношений, а также посягательств на них обуславливает необходимость применения различных видов государственного принуждения, которые по своему содержанию, причинам (основаниям) и порядку реализации имеют определенные отличия. Оно может выступать и выступает не только в виде мер уголовно-правового, гражданско-правового, административно-правового, дисциплинарного воздействия. Разновидностью государственного принуждения является и уголовно-процессуальное принуждение, представляющее собой совокупность всех предусматриваемых нормами уголовно-процессуального права мер принудительного воздействия.

Ключевые слова: подозреваемый, задержание подозреваемого, процессуальный порядок, меры пресечения, меры процессуального принуждения.

КҮДІКТІНІ ҰСТАУ- ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІ РЕТІНДЕ

Күдіктіні ұстау – бұл заң бойынша жаза ретінде бас бостандығынан айыру көзделген қылмыстық істерді деп күдік келтірген адамды тез арада және қысқаша уақытқа күзетке алудан тұратын, оның қылмысқа қатыстылығын анықтау үшін және ұсталғанға бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу туралы сұрақты шешу үшін жүргізілетін тергеу әрекеті [1, 77].

Тергеуші мен анықтама органы қылмыс істеді деген күдікпен адамды ұстауға тек қана Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 133-бабында көрсетілген келесі негіздер болған жағдайда, егер:

1) қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік расталмаса;

2) ұстап алынған адамға күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын не қамаққа алу не Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жазаны қолдануға негіздер болмаса;

3) ұстап алу осы Кодекстің 131-бабының талаптарын елеулі түрде бұза отырып жүргізілген болса;

4) ұстап алу үшін заңды негіздер болмаса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырып жатқан адамның немесе прокурордың қаулысы бойынша босатылуға жатады.

Адамды қылмыс істеді деуге негіз беретін басқа деректер болған жағдайда оны мынадай кезге ғана ұстауға болады:

- егер бұл адам қашуға құлшынса;
- күдіктінің тұрғылықты мекен-жайы болмаса;
- күдіктінің жеке басы анықталмаған кезде.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 133-бабында көрсетілген негіздерден басқа қылмыс істеуге күдіктіні ұстау кезіндегі ұстау мотивін де ескеру маңызды, яғни күдіктенгеніміз бостандықта жүріп тергеуден жасырынып қалуы мүмкін, оны жүргізуге кедергі жасауы немесе қылмысын жалғастыру сияқты шын үрей тудыратын жағдайлар.

ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 133-бабында айтылғандай, қылмыс жасаған адамдарды ұстауға азаматтардың да құқықтары бар.

Жәбірленушінің, сондай-ақ кез келген өзге де азаматтың жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігінің жолын кесу мақсатымен қылмыс жасаған адамды ұстауға құқығы бар.

Осы жағдайларда ұсталған адамға ол қарсылық көрсеткен кезде ҚР қылмыстық кодексінің 33-бабында көзделген шекте дене күші мен басқа да құралдар қолданыла алады. Егер ұсталған адамда қару немесе өзге де қауыпты заттар бар деп ұйғаруға негіз болса, оны ұстаған азамат ұсталушының киімін тексеруге және құқық қорғау органдарына немесе өзге де мемлекет органдарына беру үшін ондағы заттарды алуға құқылы [2].

Ал, ҚР Қылмыстық кодексінің 33-бабында қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру туралы көрсеткен. Қылмысты жасаған адамға оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл орайда осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау адамға келтірілген зиян жағдай мәжбүр етпейтін анық шектен тыс зиян қажетсіз келтірілген кезде, олардың ұсталатын адам жасаған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне және ұстаудың мән-жайына көрнеу сай келмеуі ұстау шараларын асыра сілтеу деп танылады. Бұлайша асыра сілтеу қасақана зиян келтірілген жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстауға, бұған арнаулы уәкеттілігі бар адамдармен бірге жәбірленушілермен қоса азаматтардың да құқығы бар.

Қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған адам уақытша ұстау изоляторларына ұсталады. Қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған адамдарды қамауда ұстаудың тәртібі мен шарттары заңдарымен бекітіледі.

Адамды қамауға алу үшін ол адамды әуелі тергеу органдарына алып келу керек. Бірақта алып келудің өзі әкімшілік шара. Қылмыс үстінде немесе азаматтарды хабарлауы бойынша ұсталған адам тергеу әрекеттерін жүргізуге құзіреті жоқ кез келген полиция қызметкерлерімен, тіптен азаматтардың өздерімен бірге ішкі істер бөліміне жеткізілуі мүмкін. Қылмыс істеді деген күдікпен адамды қылмыстық процессуалды тәртіппен ұстауға анықтама органы, тергеуші, прокурор ғана құқылы. Бірақта көрсетілген қақылы адамдармен күзетке алу туралы шешім алдынала қабылданса, осы мәжбірлеу шарасының мерзімі шын мәнінде ұстау кезінен басталады. Бұл жағдайларда органға жеткізуден бас-

тап процессуалдық сипат алады, сол себепті процессуалдық ұстаудың бір сатысын құрайды.

Күдіктіні ішкі істер бөліміне жеткізу көп жағдайларда оның қарсылық көрсетуімен ұштасады: полиция қызметкерлеріне күштей қарсылық етуге, қашып кетуге, әшкерелейтін дәлелдемелерді жойып жіберуге тырысулары қажет. Көрсетілген жағдайлар ұсталуға тиісті адамға жақындаудың, оны ұстау мен тергеу орына жөнелтудің неғұрлым тиімді әдіс-айлаларын анықтау үшін криминалистикада ұстаудың тактикалық ережелерін тағайындау қажеттігін тудырады. Сондықтан криминалистикада қылмыстық процеске қарағанда ұстау тактикалық тұрғыдан кең көлемде қаралады, адамды ИВС (уақытша ұстау изоляторы) қамау алдындағы әрекеттерді қоса қарайды.

Қарастырылып отырылған тергеу әрекетінің тактикасы көбіне ұстаудың түріне байланысты – жалғыздық немесе топтық болуына тәуелді. Ұстау өткізу уақыты бойынша бір уақыттық (бір қылмыстық іс бойынша өтіп жатқан және әр жерде адамдар бір күнде және бір сағатта ұсталады) және әр түрлі уақытта жүзеге асырылатын болып бөлінеді. Сонымен қатар, ұстау өткізу орнына байланысты бөлінеді (пәтерде, саябақта, орманда және басқа жерлерде). Тергеліп жатқан оқиғаның нақты жағдайына байланысты ұстау жақсы дайындықтан соң немесе дайындықсыз жүргізіледі. Дайындықсыз жүргізу кенеттен пайда болған жағдайлар орын алса, мысалы қылмыскер қылмыс істеу үстінде ұсталған кезде. «Осылайша ұстау дегеніміз – бұл заң бойынша жаза ретінде бас бостандығынан айыру көзделген қылмысты істеді деп күдік келтірілген адамды тез арада және қысқаша уақытқа күзетке алудан тұратын, оның қылмысқа қатыстылығын анықтау үшін және ұсталғанға бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу туралы сұрақты шешу үшін жүргізілетін тергеу әрекеті» [3, 68].

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы күдіктіні ұстап алу – қылмыстық қудалау органы қылмыстың жолын кесу және оған күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында немесе адамның жасырынуы не неғұрлым ауыр қылмыс жасауы мүмкін деп пайымдауға негіздер болса, қылмыстық теріс қылық бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету үшін қолданатын процесстік мәжбүрлеу шарасы.

Қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы, мына негіздердің бірі:

1) осы адам қылмыс жасау кезінде немесе тікелей оны жасағаннан кейін ұсталған;

2) көзімен көргендер (куәлар), оның ішінде жәбірленушілер қылмыс жасаған адам ретінде осы адамды тікелей көрсетсе не ол адамды осы Кодекстің 130-бабында көзделген тәртіппен ұстап алған кезде;

3) осы адамда немесе оның киімінде, өзінің бойында немесе тұрғынжайында қылмыстың анық іздері табылған кезде;

4) жедел-ізвестіру қызметінің және (немесе) жасырын тергеу әрекеттерінің заңға сәйкес алынған материалдарында адамға қатысты ол жасаған немесе жасауға дайындап жатқан қылмыс туралы анық деректер болғанда, бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындалуы мүмкін қылмыс жасады деп күдік келтірілетін адамды ұстап алуға құқылы.

Қылмыстық іс жүргізу қызметін атқару барысында оған қатысушы жеке тұлғаларға заңмен көзделген мәжбүрлеу шараларын қолдану қажет болады. Ондай шараларға ҚПК-нің 4-бөлімі арналған [2]. Ол шараларды қолданудың негізгі мақсаты қылмыстық процестің міндеттерін орындауды қамтамасыз ету болып табылады. Мысалы, айыпталушы тергеуден жасырынып, қылмыстық тез және толық ашуға кедергі жасайды деп санауға негіз бар болған жағдайда, ондай кедергіні болдырмау мақсатында тергеуші бұл айыпталушыны қамауға алуға құқықты.

Мәжбүрлеу шараларын жүзеге асыру адамдардың жеке басының бостандығын және өзге де құқықтарын шектеуге соқтыратын болғандықтан, ол шараларды қолдану заңдылық принципін қатаң сақтауды талап етеді. Сондықтан, мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін заңмен көзделген негіздің болуы қажет және ондай шара қылмыстық іс жүргізу органының дәлелді қаулы шығаруы немесе хаттама жазуы арқылы рәсімделіп қолданылады. Мәжбүрлеудің шарасын қолдануға жеке тұлғаның өзінің немесе оның мүддесін қорғайтын адамның келісімі қажет етілмейді. Өйткені, мұндай шараның мәнісі процеске қатысушы жеке тұлғаларды қылмыстық іс жүргізу тәртібін сақтауға еріксіз көндіру болып табылады.

Қылмыстық процеске қатысушылардың тиісті дәрежедегі тәртібін қамтамасыз ету туралы заң талаптарын, олар жағынан құқыққа қарсы әрекетін, сонымен бірге қылмыстық сот ісін жүргізу міндетін ойдағыдай шешу мақсатында қажетті жағдайды қамтамасыз ету үшін, қылмыстық процесті жүргізуші органдарға мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы, азаматтардың кепілденген конституциялық құқығы мен мүддесін шектеуге мәжбүр етеді. Бірақ

мәжбүрлеу шараларын қолдану демократияның, гуманизмнің, заңдылықтың принциптеріне сәйкес жүргізілуі тиіс:

– біріншіден, мәжбүрлеу шараларын тек қана оған заңды негіз болған кезде қолдану;

– екіншіден, оған уәкілеттігі бар лауазымды адамдармен және органдармен;

– үшіншіден, заңда көрсетілген процеске қатысушыларға;

– төртіншіден, шығарылған процессуалдық акт негізінде;

– бесіншіден, мәжбүрлеу шарасын, заңда қарастырылған процессуалдық тәртіп пен процедураны қатаң сақтай отыра қолдану.

Қылмыстық-процессуалдық құқық жүйесіндегі мәжбүрлеу шараларының орнын анықтау үшін, бізге қылмыстық-процессуалдық мәжбүрлеу институтына түсіндірумен беруіміз қажет. Ол үшін мәжбүрлеудің ең толық мағыналы ұғымын берген З.Ф. Коврига деген профессорлар А.Н. Ахпанов пен Б.Х. Толубекованың пікірлерін қолдау қажет. Сонымен оның айтуынша, қылмыстық-процессуалдық мәжбүрлеу – сот төрелігінің мүдделеріне қатер төндіретін заңсыз іс-әрекеттерді яки әрекетсіздікті тыюдың заңда белгіленген тәртіппен құзыретті мемлекет органдары (лауазымды адамдар) қылмыстық іс жүргізу қызметіне қатысушылар жөнінде қолданатын қылмыстық іс жүргізу құралдарына көрініс табатын мемлекеттік ықпал жасау әдісі [4, 78].

Қылмыстық-процессуалдық мәжбүрлеу шаралары, тек қана қылмыстық істі тергеу ойдағыдай болуға кедергі болуы мүмкін қылмыстық процеске қатысушылардың тиісті дәрежедегі тәртібін қамтамасыз ету үшін ғана емес, сонымен бірге қылмыстық іс бойынша объективті шындыққа жетуге және дәлелдеудің оптималды жағдайын қамтамасыз ету үшін және қылмыс жасаған әрбір адам өзіне тиісті жазадан құтылмайтын, жасалған қылмыстың жауапкершілігінен бұлтартпасының принципті өмірге енгізуге ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл шаралардың мақсаты, қылмыстық процестің басқа да міндеттерін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін, оған негіз болуы қажет, яғни азаматтың құқығы мен бостандығын шектеу қажеттілігі нақты деректермен дәлелденуі тиіс. Қылмыстық процестің мақсатында, процеске қатысушының құқығы мен бостандығын ең аз мөлшерде шектеумен жетуі тиіс. Осыған байланысты, мәжбүрлеу шаралары тек қана қозғалған қылмыстық іс бойынша қолданылуы мүмкін.

ҚПК-нің 131-бабында белгіленген тәртіп бойынша күдіктіні ұстау хаттама жазу арқылы рәсімделеді. Бұл хаттаманы анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізу органына күдіктіні әкелгеннен кейін үш сағаттан аспайтын мерзімде тергеуші немесе анықтаушы жазып, онда ұстаудың негіздері мен себебін, жерін және уақытын (сағаты мен минутын), хаттама жазудың уақытын көрсету қажет. Хаттамаға оны жазған адам және ұсталған адам қол қояды. Хаттама ұсталған адамға жарияланады және оған ҚЖПК-нің 68 бабында көзделген күдіктінің құқықтары, соның ішінде қорғаушы шақыру және оның қатысуымен жауап беру құқығы түсіндіріліп, бұл жөнінде хаттамада көрсетіледі.

Күдікті ретінде ұсталған адамдарды қамауда ұстаудың тәртібі туралы ҚПК-нің 134-бабында көрсетілген. Бұл бапқа сәйкес, күдікті ретінде ұсталғандар уақытша ұстау изоляторларында қамалады. Қылмыс жасады деген күдікпен ұсталған әскери қызметшілер мен жазасын бас бостандығынан айыру түрінде өтеп жүрген адамдар тиісінше абақтыларда және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындайтын қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде де ұсталуы мүмкін. Басқа жағдайларда (мәселен, уақытша ұстау изоляторы жоқ жерде қылмыс жасады деген күдікпен ұсталғандар анықтау органы бастығының ұйғаруы бойынша арнайы бейімделген үй-жайларда ұсталады.

Қылмыс жасады деген күдікпен ұсталған адамдарды қамауда ұстаудың жалпы тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы «Қылмыс жасағандығы жөнінде күдіктілерді және айыпталушыларды қамауда ұстаудың тәртібі және шарттары» заңымен белгіленген [7].

Қылмыстық ізге түсу органы он екі сағаттың ішінде күдіктінің ұсталғандығы және қай жерде екендігі туралы оның отбасының кәметке толған мүшелерінің біреуіне, ал олар болмаған жағдайда басқа туыстарына не жақын адамдарына хабарлауға немесе мұндай хабарлау мүмкіндігін күдіктінің өзіне беруге міндетті.

Егер ұсталған адам басқа мемлекеттің азаматы болып табылса, көрсетілген мерзімде ол мемлекеттің елшілігі немесе консульдығы не өзге өкілдігі хабардар етілуі тиіс.

Істің ерекше жағдайларына байланысты және тергеу жүргізудің бастапқы кездегі құпиясын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында прокурордың санкциясымен күдіктінің ұсталған-

дығын көрсетілген адамдарға хабарлау, күдікті кәметке толмаған жағдайды қоспағанда, ұстау кезінен бастап жетпіс екі сағатқа дейін кейінге қалдырылуы мүмкін.

Күдіктіні ұстаудан босатудың негіздері және тәртібі ҚПК-де көзделген. Бұған сәйкес, мынадай жағдайларда қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған адам босатылуға жатады:

- 1) қылмыс жасады деген күдік расталмаса;
- 2) ұсталған адамға қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға негіз жоқ болса;
- 3) күдіктіні ұстау кезінде ҚПК 129-бабының талаптары бұзылған болса.

Осындай негіздердің бірі болған жағдайда күдіктіні ұстаудан босату қылмыстық ізге түсу органының бұл туралы қаулы шығару арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар ҚПК 131-бабының 4-бөлігінде көрсетілгендей егер күдіктіні жетпіс екі сағатқа дейін ұстаудың мерзімі өтсе, бірақ бұлтартпау шарасы ретінде прокурордың санкциясымен қамауға алу қолданылмаған болса, онда қамау органының бастығының қаулысымен күдіктіні ұстаудан босатып, бұл істі жүргізуші органға және прокурорға хабарлауға міндетті [2].

Күдікті ретінде ұсталған адамды босату кезінде бұл адамға оны кім ұстағандығы, ұстаудың негізі, орны және уақыты, босатудың негізі мен уақыты көрсетілген анықтама құжаты берілуі тиіс. Қылмыс жасады деп күдік келтірген адамды ұстау – оның қылмысқа қатыстылығын анықтау және оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында қолданылатын іс жүргізулік мәжбүрлеу шарасы.

Қылмыстылықпен күресуге бағытталған, құқықтық құралдар комплексінде, ұстау институтына ерекше роль бөлінеді. Қылмыс жасаған адамды дер кезінде ұстау қылмысты толық және тез ашуға себепкер болады, жазаның бұлтартпастығын, дайындалып және жасалынатын қылмыстың болдырмауын қамтамасыз етіп, қылмыстың алдын алады. Ұстау жариялық түрде ғана емес, сонымен қатар жедел іздестіру жолымен де жүзеге асады, егер ұйымдасқан қылмыстық топ қылмыс жасап жатырғаны туралы белгілі болса және олардың сыбайластары белгілі мерзімге дейін ұстау туралы білмегені өте маңызды.

Адамды ұстау үшін, ұсталатын жерді, мезгілді, ұстау тобының құрамын, олардың техникалық жарақаттандыруы мен қаруын және ұстаудың тактикалық әдістерін анықтап алу қажет. Процессуалдық мәжбүрлеу шараларының

құқық шектегіш сипаты, алдын ала тергеу органдарына тек қана басқа әдістер мен амалдар нәтиже бермеген жағдайда ғана мәжбүрлеуге рұқсат ететін ең қолайлы кепілдік жасау туралы сұрақ қоюға мүмкіндік тудырады.

Тергеуші, жедел-іздістіру жолымен алынған бүкіл мәліметтермен барлық жағдайларда тергеушінің танысуға құқығы бар. Прокурор, алдын ала тергеуге қатысып және қадағалау функциясын жүргізе отыра ҚР ҚПК 197 б., ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 35 б. сүйеніп шешім шығарады [9].

Заңда ұстаудың жалпы шарттарымен бірге факультативті шарттары бар. Олар ҚР ҚПК 57 тарауына сәйкес, дипломаттық иммунитет пен артықшылықтарға байланысты ҚР Парламентінің депутаттарына, Конституциялық Кеңестің мүшелері мен Төрағасына, судьяларға, Бас Прокурорға қатысты [2].

Қылмыстық істердегі ҚР ҚПК 131 б. талаптарына сәйкес күдіктілерді ұстау хаттамаларын талдау нәтижесінде – 33,5% жағдайда тергеу мен анықтаудан қашу мүмкіндігі туралы мотив көрсетілген, 17,4% жағдайда – қылмысты болдырмау мотиві, 2,6% жағдайда – күдіктіні тиісті дәрежедегі емес тәртібінің мотиві, 10,3% жағдайда – қылмыс ісін жасырудың алдын-алу мотиві, 5,7% жағдайда – дәлелдерді жою мүмкіндік мотиві көрсетілген.

Сонымен бірге, ұстау институты өзін әрі қарай жетілдіруді және құқықтық регламент-

телуді қажет етеді. Статистикалық зерттеулердің мәліметтеріне сүйенсек, ұстаудың процессуалдық нысаны мен тәртібін бұзушылық 89,5% жағдайда кездескен.

Мысалы: 26,6% жағдайда ұстаудың негізі көрсетілмеген, 27,9% жағдайда ұстаудың мотиві жоқ, 37,1% жағдайда күдіктінің құқығы түсіндірілмеген, 43% жағдайда өз еркімен адвокат көмегінен бас тартуы көрсетілмеген, 90,2% жағдайда прокурор мен күдіктінің туыстары хабарланбаған, 2,7% жағдайда күдіктіден тергеу алынбаған [11].

Елімізде, 2003 жылы ҚР Бас Прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есептеу комитетінің мәліметтеріне сәйкес тергеу органдарымен қылмыс жасағандығы үшін 21695 күдікті ұсталған, оның ішінде қамауға алынғаны – 19529 күдікті, бостандықтан айыруға байланысты емес бұлтартпау шарасы 2114 күдіктіге қабылданған және 52 күдікті қамаудан босатылған. Анықтау органдарымен 4830 күдікті ұсталған, оның 4381 күдіктісі қамауға алынған, бостандығын айыруға байланысты емес бұлтартпау шарасы 438 күдіктіге қолданған және 11 күдікті қамаудан босатылған [12].

Сонымен, құқық қорғау органдарында азаматтардың қолсұқпаушылық құқығының бұзылуы туралы жағдайлар кездесіп отырады. Ол жөнінде құқық қорғау органдарымен 63 күдікті заңсыз ұстауы туралы фактілер куә болады.

Әдебиеттер

- 1 Берсугурова Л.Ш. О состоянии действующего уголовно-процессуального законодательства // Право и государство. – 1997. – №4. – С. 86.
- 2 Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі 16.07.1997 жылы қабылданған. // «Параграф» ақпараттық жүйесі.
- 3 Гинзбург А.Я. Задержание подозреваемого в совершении преступления: процессуальные и криминалистические вопросы: учебно-практическое пособие. – 2-издание; исправленное и дополненное. – Алматы: ЮРИСТ, 2006. – 80 с.
- 4 Атаханова Г. «Мүлікті талан – таражға салумен күресу бағыттары» атты өзекті ой // әл-Фараби ат. ҚазҰУ. Әділ соты журналы 2010 ж;
- 5 Baradaran S. Race, Prediction, and Discretion // GEORGE WASHINGTON LAW REVIEW Volume: 81 Issue: Published: JAN 2013. – 157-222 pp.
- 6 Молдабаев С.С. Восстановительное правосудие-главное направление уголовной политики // Сборник материалов международной научно-теоретической конференции «XXI век: Проблемы формирования правового, демократического, светского и социального государства в Республике Казахстан». – Алматы, 2002. – С. 462-466.
- 7 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» Қазақстан халқына Жолдауы // «Параграф» ақпараттық жүйесі.
- 8 Қазақстан Республикасының Жедел іздістіру қызметі туралы Заңы 15.09.1994 жылы қабылданған. // «Параграф» ақпараттық жүйесі. – 2015.
- 9 Қазақстан Республикасының Прокуратура туралы Заңы 25.12.1995 жылы қабылданған. // «Параграф» ақпараттық жүйесі. – 2015.
- 10 www.prokurog.kz.
- 11 Мамаи К.А. Становление и развитие судебной власти в Республике Казахстан. – Астана: Елорда, 2001. – 352 с.
- 12 Сотқа дейінгі сатылар: оқулық / Б.Қ. Төлеубекова, Қ.Ж. Қапсәләмов. – Алматы: «ҚазГЗУ», 2002. – 304 б.

13 Бұғыбай Д.Б. Қылмыстық жауаптылық ұғымы туралы / Проф. Е.Т. Қайыржановтың 70 жасқа толу мерейтойына арналған «Қылмыстылықпен күресудің қазіргі заманға мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 150 бб.

14 Odeku K.O. Criminal Responsibility for Torture: A Human Rights Analysis // ANTHROPOLOGIST Volume: 15 Issue: Published: MAR 2013. – 125-135 pp.

15 Ильясов Р.Х. Права личности на свободу и личную неприкосновенность и его обеспечение Верховным Судом. – Алматы: Юрист, 1997. – 47 с.

16 Насыров Г.Х. Аrest как мера пресечения в уголовном процессе и его правовая регламентация // Предупреждение преступности. – 2003. – №2. – С. 56-59.

17 Люблинский Г.И. Меры пресечения. – М., 2006. – 286 с.

Referenses

1 Bersugurova L.Sh. O sostojanii dejstvujushego ugovovno-processual'nogo zakonadatel'stva // Pravo i gosudarstvo. – 1997. – №4. – S. 86.

2 Kazakstan Respublikasynyn kылmыстык kodeksi 16.07.1997 zhyly kabyldangan. // «Paragraf» ақпараттық zhujesi.

3 Ginzburg A.Ja. Zaderzhanie podozrevaemogo v sovershenii prestuplenija: processual'nye i kriminalisticheskie voprosy: uchebno-prakticheskoe posobie. – 2-izdanie; ispravlennoe i dopolnennoe. – Almaty: JuRIST, 2006. – 80 s.

4 G.Atahanova, al – Farabi at. KazUU. Adil soty zhurnaly 2010zh; «Mulikti talan – tarazhga salumen kuresu bagyttary» atty ezekti oj.

5 Baradaran S. Race, Prediction, and Discretion // GEORGE WASHINGTON LAW REVIEW Volume: 81 Issue: Published: JAN 2013. – 157-222 rr.

6 Moldabaev S.S. Vosstanovitel'noe pravosudie-glavnoe napravlenie ugovovnoj politiki // Sbornik materialov mezhdunarodnoj nauchno-teoreticheskoy konferencii «HHI vek: Problemy formirovaniya pravovogo, demokraticeskogo, svetskogo i social'nogo gosudarstva v Respublike Kazahstan». – Almaty, 2002. – S. 462-466.

7 Kazakstang Respublikasynyn Prezidenti N.A.Nazarbaevtyн «Kazakstan – 2030. Barlyk kazakstandyktardyn өsip-өркендеui, kauipsizdigi zhane al-aukatynyn artuy» Kazakstan halkyna Zholdauy. // «Paragraf» ақпараттар zhujesi.

8 Kazakstan Respublikasynyn Zhedel izdestiru kызmeti туралы Zany 15.09.1994 zhyly kabyldanan. // «Paragraf» ақпараттық zhujesi. – 2015.

9 Kazakstan Respublikasynyn Prokuratura туралы Zany 25.12.1995 zhyly kabyldangan. // «Paragraf» ақпараттық zhujesi. – 2015.

10 www.prokuror.kz.

11 Mami K.A. Stanovlenie i razvitie sudebnoj vlasti v Respublike Kazahstan. – Astana: Elorda, 2001. – 352 s.

12 Sotka dejingi satylar: Okulyk. Tөleubekova B.K., Kapsalymov K.Zh. -Almaty: «KazGZU», 2002. – 304 b.

13 Bугыбай Д.Б. Кылмыстық zhauptылық ugymy туралы /Prof.Kajyrzhanov E.I. 70 zhaska tolu merejtojnyna арналған «Кылмыстықпен күресудің қазіргі заманға мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2003. 150 бб..

14 Odeku K.O. Criminal Responsibility for Torture: A Human Rights Analysis // ANTHROPOLOGIST Volume: 15 Issue: Published: MAR 2013. – 125-135 rr.

15 Il'jasov R.H. Prava lichnosti na svobodu i lichnuju neprikosnovennost' i ego obespechenie Verhovnym Sudom. – Almaty: Jurist, 1997. – 47 s.

16 Nasyrov G.H. Arest kak mera presechenija v ugovovnom processe i ego pravovaja reglamentacija // Preduprezhdenie prestupnosti. – 2003. – №2. – S. 56-59.

17 Ljublinskij G.I. Mery presechenija. – M., 2006. – 286 s.